



Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
«Санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама орталығы» ШЖҚ РМК
директорының 2024 жылғы
«20» маусымдағы №91 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) біліктілікті тексеру провайдерінің (бұдан әрі – БТП) бекітілген аккредиттеу саласында құзыретті, тәуелсіз және бейтарап деп тануға қол жеткізуге және ұстап тұруға бағытталған Сапа саласындағы саясатты жүргізеді.

Біліктілікті тексеру провайдерінің қызметтері өз қызметін МЕМСТ ISO/IEC 17025-2019 стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асыратын сынақ зертханаларына ұсынылады.

Бекітілген аккредиттеу саласына сәйкес ұсынылатын біліктілікті тексеру провайдерінің қызметтерінің тұрақтылығы мен жоғары сапасы жұмыс істеп тұрған менеджмент жүйесінің нәтижелілігіне негізделеді.

Сапа саласындағы қабылданған Саясат Кәсіпорынның БТП алдында келесі мақсаттарды қояды:

- үнемі өтінім берушілердің (тапсырыс берушілер мен ӨБ бағдарламаларына қатысушылардың) талаптарына сәйкес болу;
- біліктілікті тексеру провайдерінің қызмет сапасын арттыру;
- өтінім беруші және өзге де мүдделі тараптар тарапынан қызметті бағалау нәтижелеріне сенімділікті қамтамасыз ету;
- ӨБ бағдарламасына қатысушылар тарапынан ұсынылатын деректерді статистикалық өңдеудің және жұмыс істеуін бағалаудың тәсілдері мен әдістерін жетілдіру;
- біліктілікті тексеру жөніндегі жұмыстарды тұрақты және шарттық негізде орындауға тартылатын қызметкерлердің қажетті құзыреттілігіне кепілдік беру;
- Кәсіпорынның БТП қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін арттыру.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы осы сапа саясатымен және Кәсіпорынның БТП сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құрайтын бекітілген саясаттар мен рәсімдермен танысқан және өз жұмысында басшылыққа алады.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы МЕМСТ ISO/IEC 17043-2013 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және біліктілікті тексеру провайдері мәртебесінде Кәсіпорынның сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін үнемі арттыру міндеттемелерін өзіне қабылдайды.

ҚҰЖАТТЫҢ СОҢЫ